

Бекітемін:  
«Күншуақ» жеке меншік  
бөбекжай- балабақшасы»  
мекемесінің әдіскері  
А.Ә.Жақсылықова

# " Мақал -сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы!"

(Топтар арасында ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



*Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова  
К*

### **Таушық ауылы,**

**«Мақал – сөздің азығы , жұмбақ – ойдың қазығы»**

*Мақсаты:* Мақал түрлерімен таныстыру, ата бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы балалардың дүниетанымын кеңейтуге тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

*Әдіс-тәсілдер:* Түсіндіру, әңгімелеу, ойын-сайыс, сұрақ — жауаптар.

*Көрнекі құралдар:* слайд, тапсырмалар, қоржын асықтар

**Шаттық шеңбері:**

*Жанұямыз – әніміз,*

*Балабақша – сәніміз.*

*Біз бастайық мерекені....*

*Қош келдіңіз, бәріңіз !*

**Тәрбиеші:** Бүгінгі өтетін мерекелік ертеңгілігіміз «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы»деп аталады.

*Мақал-мәтелдер — халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдер — өмір шындығының көрінісі, халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мазмұнды ойды бере алады. Мақал-тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініп білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды.*

**Ғажайып сәт: (Балапан телеарнасынан Али мен Айя келеді)**

**Али:** Біз, қайда келдік — Айя?

**Айя:** Біз мақал мәтел кітабымызды жоғалтып алдық соны іздеп жүрміз ғой.

*Али: Сен зой жоғалтқан. Атам бізге арнап сатып алды, енді не істейміз. Атамыз ренжиді зой. Мен атамды ренжіткім келмейді.*

*Айя: Али қарашы, балалар отыр екен, солардан сұрап көрейікші?*

*Сәлеметсіздер ме: Али, Айя.*

*Али мен Айя: Сіз бізді танысыз ба.*

*Әрине, балалар да таниды. Солай емеспе, балалар. Біздің балаларымыз «Балапан» телеарнасын қалдырмай көреді. Не іздеп жүрсіздер?*

*Айя: Мақал туралы кітабымызды жоғалтып алдық, соны іздеп жүрміз, көрмедіңдер ме?*

*Жүргізуші: Жақсы келдіңіздер! Балалармен бірге мақал-мәтелдер , жаңылтпаштар, жұмбақтар арасында мерекелік ертеңгілік өткелі жатыр еді. Қанекей сіздер де балалармен қатысыңыздар. Мереке біткен соң балалар тауып береді.*

*(Али мен Айя қосылады).*

**Жүргізуші : Сөйлей, Сөйлей шешен боласың**

**Көре, көре көсем боласың — дегендей ертеңгілігімізді бастаймыз.**

*Ертеңгілігіміз бірнеше кезеңдерден тұрады. Алдымен балалардың білімдерін тексере келіп , мақал-мәтелдерге кезек береміз.*

*I-кезең «Суретті мақалдар» — суреттен басталатын мақалдар айту.*

*I-кезең «Менің тілім барда, білмеймін қайғыны» демекші балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешіп көремізбе?*

### **ЖҰМБАҚ**

*Қанат қағып шарықтап,*

*Мұхит асып қалықтап,*

*Шарлап бүкіл әлемді,*

*Шаттандырып әр елді*

*Бейбіт күнге сән болған.*

*Бұл қандай құс ән болған?*

*(Көгершін) , жарайсыңдар , өте дұрыс айтасыңдар.Көгершін қандай құс?*

*Балалар: Бейбітшілік құсы.*

*Жүргізуші: Ендеше балалар жоғары қарайықшы. Біздің бейбітшілік құсы көгершіндеріміз өздерімен ала келген хатында бізге әр –түрлі тапсырмалар ала келген екен. Қанекей тапсырмада не жасырылған екен?*

**Еңбек туралы мақал:** Райана , Нұрхан, Дидар, Айназ.

**Туған жер туралы мақал :** Аяна , Әмина , Бекбай , Инжу-Маржан , Бекжан, Айдай ,

**Отбасы туралы мақал :** Жәдігер . Мұрагер , Медина , Аяна , Нұралы.

**Кітап туралы мақал:** Наурызбек , Аяулым, Алиасқар, Имран.

*Жүргізуші :* Әли , Айя көңіл-күйлерің қалай? Бізді балалар мақал-мәтелдерді жақсы біледі екен. Сендер мақал-мәтел айтып білесіңдерме?

*Айя:* Әрине , білеміз. Атам мен әжем бізге көптеген мақал-мәтелдер үйретті. Айтып берейін бе?

*Жүргізуші:* Айта қой әрине.

*Айя:* Мақал айтады .

*Жүргізуші:* Әли сен қандай мақал білесің?

*Әли:* Менің жұмбақ жасырғым келіп тұр. Менің жұмбақтарым ерекше, суретті жұмбақ.

*Жүргізуші:* Ал жасыра қой .

*Әли:* Дос суреті . Балабақшадағы тәрбиеші балалармен суреті , батырдың суреті.

*Дос туралы мақал:* Райана ,Ақбөбек. Хафиз, Мүслім. Аянат , Исмаил ,

*Тәрбие туралы мақал:* Расул , Адина ,

*Батыр мақал :* Ханшайым , Әмина.

*Жүргізуші:* Жарайсыңдар , балақайлар . 2 кезеңге кезек берейік.

*II-кезең «Шапшаң тіл» — жаңылтпаиштар.*

*Жаңылтпаиш – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Ол адамдардың бір нәрселердің белгілерін екінші нәрсенің белгілері арқылы жұмбақтап айту өнері. Жаңылтпаиш мақал – мәтел сияқты тақпақтап, ұйқастырып айтылады. Жаңылтпаиш өте ертеден келе жатқанмен, әр уақытта халық оның жаңа түрлерін ойлап шығарып отырған.*

*Нұрсұлтан, Сайда , Раяна , Нұрхан , Медина , Жарас , Ақбөбек , Нұрдос, Кәусар.*

*Жүргізуші:* Жарайсыңдар , балақайлар . 3 кезеңге кезек берейік.

*III- кезең «Кім тапқыр» «Даналық» ойыны арқылы суретке қарап мақал құрастыру.*

*Жанәли . Көк асықтағы дос туралы мақалдар.*

*Айбар . Сары асықтағы тіл туралы мақалдар .*

*Жансая . Қызыл асықтағы тіл туралы мақалдар.*

*Жүргізуші:* Жарайсыңдар балалар! Сендер мақал-мәтелдерді де , жаңылтпаиштарды да жақсы біледі екенсіңдер . Сендер өте білімді екенсіңдер. Енді мен сендерге жұмбақтар жасырғым келіп тұр. Жұмбақты кім тез ,

шапшаң , жылдам таба алады екен. Тапқан балаға бір асықтан ұнай беріп отырамын. Жұмбақты кіөп шешіп қоржынына асықты көп жинаған бала «Білімпаз» бала болады.

Әли , Айя сендерге біздің балалардың білетін мақал-мәтелдерімен жаңылтпаштарынан құралған «Мақал –сөздің азығы , жұмбақ - ойдың қазығы» атты жинағын сендерге тарту етеміз. Ата мен әжеге үлкен сәлем айта барыңдар,. Сендерге көп рақмет!!

Али: Ия достарым, Рақмет. Сендерге.

Айя: Балалар сіздерге көп көп Рақмет. Сіздермен өте қызық болды Мақалдыда, жұмбақтыда, барлығын ұғып алдық. кездескенше, Сау болыңыздар!

Тәрбиеші : Сау болыңыздар. Али, Айя. Жолдарыңыз болсын.

Қорытынды:

Бүгінгі сайыс ұнады ма?

Сайыста не туралы айтылды?

«Мақал -сөздің азығы , жұмбақ-ойдың қазығы» атты мерекеміз өз мәресіне жетті Сау болыңыздар . Келіп тамашалағандарыңызға рақмет!





